

## «Ішкі суда жүзу кемелерінің қондырғылары және жабдықтары» кәсіби стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Ішкі суда жүзу кемелерінің қондырғылары және жабдықтары» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындардағы персоналды оқытуға, білім беру мекемелеріндегі қызметкерлер мен түлектерді сертификаттау үшін материалдар әзірлеуге, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Осы кәсіби стандарт негізінде ұйымдар өндірісті ұйымдастырудың, еңбек пен басқарудың ерекшеліктерін және олардың жауапкершілігін есепке ала отырып, кәсіби білімнің деңгейін, еңбек функцияларының тізбесін, білімдерін, біліктері мен дағдыларын нақтылай отырып, ішкі қолдану үшін қызметкерлерге арналған корпоративтік кәсіби стандарттар әзірлеуі мүмкін.

2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыретінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

4) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

5) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

6) кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын тағайындау, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек функцияларының және құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

7) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, білікті және тәжірибелік дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметіндегі кәсіптерінің негізгі түрі;

8) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

9) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау.

3. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

1) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

2) БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) БА – басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

4) ЖЖМ – жанар-жағар май материалдары.

## **2. Кәсіби стандарттың паспорты**

4. Атауы: «Ішкі суда жүзу кемелерінің қондырғылары және жабдықтары».

5. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: қызметкерлердің білімдеріне, біліктіліктеріне, дағдыларына және жеке құзыреттіліктеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін еңбек функцияларын жүйелі және құрылымдық сипаттау

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: кеме техникаларын техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес техникалық пайдалануды және ұстауды қамтамасыз етеді.

7. Негізгі топ: көлігі.

8. Кәсіби топ: су көлігі.

9. Кәсіби кіші топ: теңіз және су жағасындағы жүк көлігі.

## **3. Кәсіптер карточкалары**

9. Кәсіптер тізбесі:

Моторшы (машинист) – СБШ бойынша 3-4-біліктілік деңгейі;

Ішкі суда жүзу кемелерінің механигі – СБШ бойынша 3-4-біліктілік деңгейі;

Шығыршы-моторшы – СБШ бойынша 3-5-біліктілік деңгейі

Слесарь-кеме монтаждаушы – СБШ бойынша 1-5-біліктілік деңгейі;

кеме слесарі-кеме монтажшы – СБШ бойынша 1-5-біліктілік деңгейі.

Кәсіптер карточкасы осы кәсіби стандартқа 1-қосымшада берілген.

Кәсіби біліктілік картасы осы кәсіби стандартқа 2-қосымшада келтіріледі.

«Ішкі суда жүзу кемелерінің  
қондырғылары және жабдықтары»  
кәсіби стандартына  
1-қосымша

**«Ішкі суда жүзу кемелерінің механигі» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ**

Коды	3141 «Кеме механиктері»
Кәсібі	Ішкі суда жүзу кемелерінің механигі
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4. Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі бар болған кезде. Практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білімі (қосымша кәсіби дайындығы немесе орта білімнен кейінгі білімі).
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 4-разряд (52-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 426-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылы 3 қазанда № 8770 болып тіркелген).
Еңбек функциялары	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Механизмдердің бұзылғандығын, машиналар мен қондырғылардың типтік ақауларын табу.</li> <li>2. Жөндеу жұмыстарын, қосалқы бөлшектерді ауыстыруды жүргізу.</li> <li>3. Жұмыстардың орындалуын тексеру.</li> <li>4. ЖЖМ таңдау, сәйкестігін бақылау.</li> <li>5. ЖЖМ құю, майды ауыстыру.</li> <li>6. Танкінің толыққандық деңгейін тексеру, машиналық журналда жазба.</li> </ol>
1-еңбек функциясы	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауыстырмалы-қосалқы бөлшектерді, құрал-саймандарды, мүкәммалды таңдау және дайындау.</li> <li>2. Дұрыс қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру.</li> </ol>
Механизмдердің бұзылғандығын, машиналар мен қондырғылардың типтік ақауларын табу	<p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қосалқы бөлшектердің, құралдардың, мүкәммалдың түрлері, олардың тағайындалуы</li> <li>2. Кеменің сәулеті және конструкциясы.</li> </ol>
2-еңбек функциясы	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Тетіктер мн құрылғылардың, ақауларының тораптарын бөлшектеуге бақылау.</li> <li>2. жөндеу, ауыстыруды жүргізу.</li> </ol>
Жөндеу жұмыстарын, қосалқы бөлшектерді ауыстыруды жүргізу	<p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Материалдардың технологиясы</li> <li>2. Термодинамика және жылу беру, механика және гидродинамика, теңіз электр техникасы, электрондық және электр жабдығы, автоматтандыру негіздері және басқару жүйелері.</li> </ol>
3-еңбек функциясы	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Техникалық стандартқа сәйкестігіне тексеру.</li> <li>2. Жөндеу ведомостілерін құрастыру, машина журналындағы жазба.</li> </ol>
Жұмыстардың орындалуын тексеру	<p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Техникалық құжаттама, техникалық стандарттар.</li> <li>2. Машиналық журналды жүргізу және оның жазбаларын түсіну.</li> </ol>

<p>4-еңбек функциясы</p> <p>ЖЖМ таңдау, сәйкестігін бақылау</p>	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жанар-жағар май материалдарын құю үшін құрылғылар мен керек-жарақтарды дайындау.</li> <li>2. Қолданылатын отынның, майдың, майлау материалдарының сәйкестігін бақылау.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кеменің отын танкаларына құю үшін құрылғылар мен керек-жарақтар.</li> <li>2. Отын және майлау материалдарының физикалық және химиялық қасиеттері.</li> </ol>
<p>5-еңбек функциясы</p> <p>ЖЖМ құю, майды ауыстыру</p>	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құюды бақылау.</li> <li>2. Танкаларды толтыру деңгейін өлшеу.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <p>Отын және майлау материалдарының физикалық және химиялық қасиеттері.</p>
<p>6-еңбек функциясы</p> <p>Танкінің толыққандық деңгейін тексеру, машиналық журналда жазба</p>	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Отын танкінің толықтырушылық деңгейін тексеру.</li> <li>2. Машиналық журналдағы жазба.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <p>Отын және майлау материалдарының физикалық және химиялық қасиеттері.</p>
<p><b>«Ішкі суда жүзу кемелерінің механигі» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b></p>	
<p>Коды</p>	<p>3141 «Кеме механиктері»</p>
<p>Кәсібі</p>	<p>Ішкі суда жүзу кемелерінің механигі</p>
<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі</p>	<p>5. Техникалық және кәсіби білімі (немесе орта білімнен кейінгі білімі), практикалық тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары білімі, қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары.</p>
<p>БТБА бойынша біліктілік деңгейі</p>	<p>БТБА бойынша 5-разряд (52-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 426-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылы 3 қазанда № 8770 болып тіркелген).</p>
<p>Еңбек функциялары</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кеме бортында жабдықты және механизмдерді техникалық қамтамасыз ету.</li> <li>2. Қолданыстағы қағидаларға, нұсқаулықтарға және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес қондырғыға, кеме машиналары мен механизмдерге қызмет көрсетуді және жөндеуді техникалық қадағалауды жүзеге асыру.</li> </ol>
<p>1-еңбек функциясы</p> <p>Кеме бортында жабдықты және механизмдерді техникалық қамтамасыз ету</p>	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кеме бортында жабдықты және механизмдерді техникалық қамтамасыз ету.</li> <li>2. Қолданыстағы қағидаларға, нұсқаулықтарға және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес қондырғыға, кеме машиналары мен механизмдерге қызмет көрсетуді және жөндеуді техникалық қадағалауды жүзеге асыру.</li> </ol>

	<p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кеме энергетикалық қондырғыларының, көмекші механизмдердің және кеме жүйелерінің түрлері.</li> <li>2. Кеме механизмдерінің кеме қозғалтқыштарының жұмыс қағидаты.</li> <li>3. Кеме қозғалтқышларының, көмекші механизмдердің, біліксымдардың кеме жүйелерінің, шағын көлемді кемелердің палубалық және басқа да механизмдерінің құрылымы және техникалық қызмет көрсету.</li> <li>4. Қозғалтқыштарды, көмекші механизмдерді, электр жабдығын және олардың жұмысын қамтамасыз ететін басқа да жүйелерді техникалық пайдалану параметрлері, сондай-ақ олардың бұзылуының типтік себептері және оларды жою тәсілдері.</li> </ol>	
2-еңбек функциясы	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кеме-механикалық қызметтердің қосалқы бөлшектермен және отынмен қамтамасыз етілуін бақылау, оларға өтінімдер ресімдеу және есепке алуды жүргізу.</li> <li>2. Қолданыстағы қағидаларға, нұсқаулықтарға және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес қондырғыға, кеме машиналары мен механизмдерге қызмет көрсетуді және жөндеуді техникалық қадағалауды жүзеге асыру.</li> </ol>	
Қолданыстағы қағидаларға, нұсқаулықтарға және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес қондырғыға, кеме машиналары мен механизмдерге қызмет көрсетуді және жөндеуді техникалық қадағалауды жүзеге асыру	<p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кеме энергетикалық қондырғыларының, көмекші механизмдердің және кеме жүйелерінің түрлері.</li> <li>2. Кеме механизмдерінің кеме қозғалтқыштарның жұмыс қағидаты.</li> <li>3. Кеме қозғалтқышларының, көмекші механизмдердің, біліксымдардың кеме жүйелерінің, шағын көлемді кемелердің палубалық және басқа да механизмдерінің құрылымы және техникалық қызмет көрсету.</li> <li>4. Қозғалтқыштарды, көмекші механизмдерді, электр жабдығын және олардың жұмысын қамтамасыз ететін басқа да жүйелерді техникалық пайдалану параметрлері, сондай-ақ олардың бұзылуының типтік себептері және оларды жою тәсілдері.</li> </ol>	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Денсаулығының өте жақсы болуы. Өз-өзінің тәртібін, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру. Ұйымдастырушылық, коммуникативтік, талдамалық қабілеттері.	
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.	Кәсіптер коды 7214	Кеме слесарь-монтажшысы

### «Моторшы (машинист)» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Коды	8311* «Локомотивтер машинистері» 8340 «Теңіз және өзен кемелерінің палуб командасының мүшелері және ұқсас кәсіптердің
------	--

	жұмысшылары».
Кәсібі	Моторшы (машинист)
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3. Практикалық тәжірибесі және/немесе кәсіби білімі (бір жылға дейінгі кәсіби дайындық бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарының базасындағы курстар немесе кәсіпорындардағы оқыту). Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі немесе практикалық тәжірибесінсіз жалпы орта білімі бар болған кезде.
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 4-6-разрядтар (52-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 426-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылы 3 қазанда № 8770 болып тіркелген).
Еңбек функциялары	1. Механизмдерді тексеріп қарауға дайындау, қосалқы бөлшектер мен құрал-сайманды таңдау және дайындау. 2. Басты және көмекші механизмдерге, кеме жүйелеріне және олардың қызметін қамтамасыз ететін техникалық құралдарға; палубалық механизмдер мен руль қондырғысының механикалық бөлігіне қызмет көрсету; энергетикалық қондырғының барлық механизмдерін басқару; бүкіл кеме техникасына қызмет көрсетуге және жөндеуге қатысу.
1-еңбек функциясы	<b>Білігі мен дағдылары:</b> Құралдарды, керек-жарақтарды таңдау.
Механизмдерді тексеріп қарауға дайындау, қосалқы бөлшектер мен құрал-сайманды таңдау және дайындау	<b>Білімі:</b> Құралдардың, керек-жарақтардың түрлері мен олардың тағайындалуы.
2-еңбек функциясы	<b>Білігі мен дағдылары:</b> Қарапайым жабдықты және қарапайым бақылау-өлшеу сайманын қолдану. 2. Слесарлық-монтаждау жұмыстарын орындау. 3. Механизмдер мен қондырғылардың техникалық жай-күйін тексеру. 4. Анықталған ақауларды жою.
Басты және көмекші механизмдерге, кеме жүйелеріне және олардың қызметін қамтамасыз ететін техникалық құралдарға; палубалық механизмдер мен руль қондырғысының механикалық бөлігіне қызмет көрсету; энергетикалық қондырғының барлық механизмдерін басқару; бүкіл кеме техникасына қызмет көрсетуге және жөндеуге қатысу	<b>Білімі:</b> 1. Механизмдердің құрылымы, олардың жұмыс қағидаты. 2. Электротехника және электроника, металдар технологиясы бойынша негізгі мәліметтер. 3. Жөндеу, слесарлық-монтаждау жұмыстарының түрлері және тәсілдері.
<b>«Моторшы (машинист)» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Коды	8311* «Локомотивтер машинистері» 8340 «Теңіз және өзен кемелерінің палуб командасының мүшелері және ұқсас кәсіптердің жұмысшылары».

Кәсібі	Моторист (машинист)	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	44. Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі бар болған кезде. Практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білімі (қосымша кәсіби дайындығы немесе орта білімнен кейінгі білімі).	
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 6-разряд (52-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 426-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылы 3 қазанда № 8770 болып тіркелген).	
Еңбек функциялары	1. Жұмыстың орындалуын бақылау. 2. Орындалған жұмыстардың сапасын бақылау.	
1-еңбек функциясы Жұмыстың орындалуын бақылау.	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <p>1. Механизмдер мен қондырғылардың ақаусыз техникалық жай-күйін тексеру. 2. Аспаптардың көрсетулерін есептеу және тиісті кеме журналдарында тіркеу.</p> <p><b>Білімі:</b></p> <p>1. Механизмдердің құрылымы, олардың жұмыс қағидаты. 2. Жүзу қағидалары, жүзу ауданының арнайы лоциясы, лоцман карталары. 4. Ішкі байланыс және сигнализация жүйелерін пайдалану қағидалары.</p>	
2-еңбек функциясы Орындалған жұмыстардың сапасын бақылау.	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <p>1. Рульдік және шлюпкалық құрылғыларда техникалық тексеру. 2. Бақылау-өлшеу құралдарын қолдану. 3. Сылақшы, балташы және слесарлық жұмыстарын орындау.</p> <p><b>Білімі:</b></p> <p>1. Механизмдердің, құрылғылар мен қондырғылардың техникалық параметрлері және сипаттамасы. 2. Қуаты 550 кВт басты қозғалтқышы бар кемелерде, өнімділігі 700 м<sup>3</sup>/сағ дейінгі балшық сорғыш кемелерде (топырақ сорғыштарда), қуаты 300 кВт дейінгі қозғалтқышы бар жүзгіш крандарда жұмыстарды орындау. 3. Авариялық-құтқару және өртке қарсы инвентарды пайдалану қағидалары.</p>	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Проблемаларды тиімді шешу Логикалық қабілеттер Аналитикалық қабілеттер	
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.	Кәсіптер коды 7214	Кеме слесарь-монтаждаушысы

**«Ішкі суда жүзу кемелерінің электромеханигі» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ**

Коды	3141 «Кеме механиктері»
Кәсібі	Ішкі суда жүзу кемелерінің электромеханигі

СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3. Практикалық тәжірибесі және/немесе кәсіби білімі (бір жылға дейінгі кәсіби дайындық бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарының базасындағы курстар немесе кәсіпорындардағы оқыту). Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білімі бар болған кезде.
БА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 3 желтоқсандағы № 232 бұйрығымен бекітілген халықаралық теңіз сауда портының басшылары мен мамандарының лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес еңбек өтіліне қойылатын талаптарсыз теңіз кемесінің машиналарымен, тетіктерімен және электр жабдықтарымен байланысты техникалық лауазымдарға арнаулы орта білімі мен еңбек өтілі
Еңбек функциялары	1. Кеменің электр жабдықтарына және электр техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету. 2. Құтқару құралдарын тексеру, заттар мен еңбек құралдарының жұмысқа дайындығын тексеру.
1-еңбек функциясы Кеменің электр жабдықтарына және электр техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Теңізде жүзу мен кемелердің өміршеңдігін қамтамасыз ететін электр механикалық қызметті меңгерудегі кез келген агрегаттарды жұмысқа қосу және шығару.</li> <li>2. Нормативтік және техникалық құжаттамамен жұмыс істеу.</li> <li>3. Қоректендіруді электр энергиясының әртүрлі көздерінен үздіксіз ауыстырып қосуды жүзеге асыру.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Электр жабдығының құрамы мен жағдайы</li> <li>2. Жабдықтың тағайындалуы және техникалық сипаттамасы</li> <li>3. Жабдықтарда жүзеге асырылатын технологиялық процестер (регламенттер)</li> <li>4. Электр жабдықтарындағы параметрлерді өлшеудің метрология және әдістемесінің негіздері.</li> <li>5. Жабдықтарды диагностикалау әдістері мен тәсілдері</li> </ol>
2-еңбек функциясы Құтқару құралдарын тексеру, заттар мен еңбек құралдарының жұмысқа дайындығын тексеру.	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жабдықтың техникалық жағдайының параметрлерін талдау.</li> <li>2. Жұмыста қолданылатын өлшеу аспаптары мен құралдарды дұрыс пайдалану</li> <li>3. Кеме электр жабдықтарын техникалық пайдалану қағидаларына, техникалық қауіпсіздік қағидаларына сәйкес пайдалану.</li> <li>4. Қоректендіруді электр энергиясының әртүрлі көздерінен үздіксіз ауыстырып қосуды жүзеге асыру.</li> <li>5. Электр жабдықтарын штаттан тыс және авариялық жағдайларда тағайындау бойынша пайдалану</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жабдықтың құрылымы (құрылыстар)</li> </ol>



	<p>2. Жабдықтардың тағайындалуы және техникалық сипаттамалары</p> <p>3. Техникалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі бойынша қағидалар, нұсқаулықтар, техникалық пайдалану қағидалары</p> <p>1. Жабдықтың құрылғысы (конструкциялары).</p> <p>2. Жабдықтың тағайындалуы және техникалық сипаттамалары.</p> <p>3. Өрт қауіпсіздігі қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1682 қаулысымен бекітілген.</p> <p>4. Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары бойынша жүзу қағидалары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1999 жылғы 30 қарашадағы № 849 бұйрығымен бекітілген.</p> <p>5. Өрт қауіпсіздігі қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1682 қаулысымен бекітілген.</p>
<b>«Ішкі суда жүзу кемелерінің электромеханигі» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Коды	3141 «Кеме механиктері»
Кәсібі	Ішкі суда жүзу кемелерінің электромеханигі
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	<p>4. Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі бар болған кезде.</p> <p>Практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білімі (қосымша кәсіби дайындығы немесе орта білімнен кейінгі білімі).</p>
БА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 3 желтоқсандағы № 232 бұйрығымен бекітілген халықаралық теңіз сауда портының басшылары мен мамандарының лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес еңбек өтіліне қойылатын талаптарсыз теңіз кемесінің машиналарымен, тетіктерімен және электр жабдықтарымен байланысты техникалық лауазымдарға арнаулы орта білімі мен еңбек өтілі
Еңбек функциялары	<p>1. Кеменің электр жабдығын жөндеу.</p> <p>2. Жөндеу ведомостерін, жоспарлы-ескерту тексеріп қараулар мен кеменің электр жабдығын жөндеу кестелерін жасау.</p> <p>3. Электрмен коректендірудің күрделі көздерін, аспаптарды, аппаратураны, электр жабдығын демонтаждауды және консервациялауды ұйымдастыру.</p>
1-еңбек функциясы	<b>Білігі мен дағдылары:</b>
Кеменің электр жабдығын жөндеу	<p>1. Пайдаланудың деректерін және жабдықтың қатардан шығу себептерін талдау жасау.</p> <p>2. Электр жабдығы жұмысындағы ақаулар мен істен шығуды жою.</p> <p>3. Кеме электр жабдығын жөндеуді орындау</p> <p>4. Есепке алу техникалық құжаттамасын жүргізу</p>
	<b>Білімі:</b>

	<p>1. Электр қондырғыларының механизмдері мен электр станциялары автоматикасының және қызмет көрсетудің жүйесі, негізгі жабдықты қорғау қондырғыларының әрекеті және шамасы, резервтік және авариялық жабдықтың тұрақтық, іске қосу және жұмыс режимдерінің ерекшеліктері.</p> <p>2. Орталық бөліктің тұтынушыларын электрмен жабдықтау жүйелері.</p> <p>3. Қазақстан Республикасының ішкі су жоларымен жүзу қағидалары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 1999 жылғы 30 қарашадағы № 849 бұйрығымен бекітілген.</p> <p>4. Өрт қауіпсіздігі қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1682 қаулысымен бекітілген.</p>	
<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Жөндеу ведомостерін, жоспарлы-ескерту тексеріп қараулар мен кемеңің электр жабдығын жөндеу кестелерін жасау</p>	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <p>1. Жабдықтың техникалық жай-күйінің параметрлерін талдау.</p> <p>2. Электр жабдығына қызмет көрсету.</p> <p>3. Нормативтік және техникалық құжаттамамен жұмыс.</p> <p><b>Білімі:</b></p> <p>1. Жабдықта жүзеге асырлатын технологиялық процестер (регламенттер).</p> <p>2. Жабдықтың құрылымдары (конструкциялары).</p> <p>3. Жабдықтың белгіленуі және техникалық сипаттамасы.</p>	
<p>3-еңбек функциясы</p> <p>Электрмен қоректендірудің күрделі көздерін, аспаптарды, аппаратураны, электр жабдығын демонтаждауды және консервациялауды ұйымдастыру</p>	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <p>1. Қоректендіру көздерін, күрделі аспаптар мен аппаратураларды демонтаждау.</p> <p>2. Қоректендіру көздерін, күрделі аспаптар мен аппаратураларды консервациялау.</p> <p><b>Білімі:</b></p> <p>1. Қоректендіру көздерін, күрделі аспаптар мен аппаратураларды демонтаждау тәсілдері.</p> <p>2. Қоректендіру көздерін, күрделі аспаптар мен аппаратураларды консервациялау тәсілдері.</p>	
<p>Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар</p>	<p>Проблемаларды талдай білуі;</p> <p>Коммуникабельділік;</p> <p>Бастамашылық;</p> <p>Тұрақты жеке өсуі</p>	
<p>СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.</p>	<p>Кәсіптер коды 3141</p>	<p>Флоттың электромеханигі</p>

### «Шығыр-моторшысы» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

<p>Коды</p>	<p>8333 «Крандардың, жүк көтергіштердің және басқа да тиеу-түсіру жабдықтарының машинистері».</p>
<p>Кәсібі</p>	<p>Шығыр-моторшысы</p>
<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі</p>	<p>3. Практикалық тәжірибесі және/немесе кәсіби білімі (бір жылға дейінгі кәсіби дайындық бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарының базасындағы курстар немесе кәсіпорындардағы оқыту).</p>

	Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі немесе практикалық тәжірибесінсіз жалпы орта білімі бар болған кезде.
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 5-6-разрядтар (52-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 426-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылы 3 қазанда № 8770 болып тіркелген).
Еңбек функциясы	Жүкті ұстау тетіктерін қолдана отырып, жүктердің орнын ауыстыратын барабанды жүкарбаларды басқару және қызмет көрсету.
1-еңбек функциясы  Жүкті ұстау тетіктерін қолдана отырып, жүктердің орнын ауыстыратын барабанды жүкарбаларды басқару және қызмет көрсету.	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүк арбалардың жұмысындағы бұзылуларды анықтау және оларды жою тәсілдері.</li> <li>2. Механизмдерді ағымдық жөндеуді орындау.</li> <li>3. Барабанды жүкарбаларды дұрыстау дағдылары.</li> <li>4. Арқандардың, тростардың қозғалыс жылдамдығын реттеу.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Орындалатын жұмыстың технологиялық процесі.</li> <li>2. Түрлі типтегі жүкарбалардың құрылымы.</li> <li>3. Түрлі типтегі жүкарбалардың құрылысы.</li> <li>4. Жүк көтеру механизмдерін пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен бекітілген.</li> </ol>
<b>«Шығыр-моторшысы» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Коды	8333 «Крандардың, жүк көтергіштердің және басқа да тиеу-түсіру жабдықтарының машинистері»
Кәсібі	Шығыр-моторшысы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4. Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі бар болған кезде. Практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білімі (қосымша кәсіби дайындығы немесе орта білімнен кейінгі білімі).
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 6-разряд (52-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 426-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылы 3 қазанда № 8770 болып тіркелген).
Еңбек функциясы	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тежегіштерді шкивтер мен барабандарды тексеру.</li> <li>2. Темір арқандар мен арқан жіптерін әртүрлі тораптармен қиыстыру және біріктіру</li> </ol>
1-еңбек функциясы	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жабдықты ағымдық, профилактикалық және күрделі</li> </ol>

Тежегіштерді шкивтер мен барабандарды тексеру	жөндеуді орындау. 2. Барабанды жүкарбаларды дұрыстау.	
	<b>Білімі:</b> 1. Барабанды жүкарбалардың құрылымдары. 2. Жұмыстарды қауіпсіз орындау әдістері мен тәсілдері. 3. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидалары мен нұсқаулықтары, жұмыстың қауіпсіз әдістері мен тәсілдері.	
2-еңбек функциясы  Темір арқандар мен арқан жіптерін әртүрлі тораптармен қиыстыру және біріктіру	<b>Білігі мен дағдылары:</b> 1. Барлық такелаж, байлау, слесарлық-жөндеу жұмыстарын орындау. 2. Жұмыс зәкірлерін салу және алу жөніндегі жұмыстарды орындау.	
	<b>Білімі:</b> 1. Тегіктер мен ұстау құрылғыларының типтері. 2. Әртүрлі типтегі жүкарбалардың құрылғылары. 3. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидалары мен нұсқаулықтары, жұмыстың қауіпсіз әдістері мен тәсілдері.	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білуі Проблемаларды тиімді шешу; Нәтиже мен тиімділікке бағдарлану	
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.	Кәсіптер коды 7215	Кеме такелажшысы

### «Кеме слесарі-монтажшысы» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ

Коды	7214 «Конструкциялық металл дайындаушылар мен слесарь-монтажшылар»	
Кәсібі	Кеме слесарі-монтажшысы	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	1. Негізгі орта білімінің болуы, бірақ бастауыш білімнен төмен емес және/немесе жұмыс орнындағы қысқа мерзімді оқыту (нұсқама) және/немесе қысқа мерзімді курстар.	
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 1-разряд (23-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 78-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылы 7 наурызда болып тіркелген).	
Еңбек функциясы	Кемелерде және жүзу құрылғыларында қарапайым дайындық және слесарлық жұмыстарды орындау	
Еңбек функциясы  Кемелерде және жүзу құрылғыларында қарапайым дайындық және слесарлық жұмыстарды орындау	<b>Білігі мен дағдылары:</b> 1. Қол слесарлық құралымен жұмыс істеу 2. Сүрлемелеу материалдарын қолдана білу 3. Тақтаның үстіндегі ұсақ қарапайым бөлшектерді жөндеу	
	<b>Білімі:</b> 1. Сүрлемелеу материалдары қолдана білу қағидалары және тағайындау 2. Қолмен егеуге пайдаланылатын құрылғыларды пайдалау тәртібі 3. Тақтаның үстіндегі ұсақ қарапайым бөлшектерді жөндеу әдіс-айлалары мен тәсілдері	

	4. Қолмен кескіштер типі, құрылғысы және іс-қимыл қағидаттары
<b>«Кеме слесарі-монтажшысы» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Коды	7214 «Конструкциялық металл дайындаушылар мен слесарь-монтажшылар»
Кәсібі	Кеме слесарі-монтажшысы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2. Жалпы орта білімінің болуы, бірақ негізгі ортадан төмен емес, практикалық тәжірибесі немесе кәсіби дайындығы (білім беру ұйымдарының базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорындарда оқыту).
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 2-разряд (23-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 78-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылы 7 наурызда болып тіркелген).
Еңбек функциясы	Кеменің табақ конструкцияларының дәнекерлеу жіктері мен шегеленген қосылыстарын сынауды жүргізу кезінде дайындық және қосалқы жұмыстарды орындау.
Еңбек функциясы  Кеменің табақ конструкцияларының дәнекерлеу жіктері мен шегеленген қосылыстарын сынауды жүргізу кезінде дайындық және қосалқы жұмыстарды орындау.	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бор немесе сабын ерітіндісін дайындау және сынауларды жүргізу кезінде корпустық конструкциялардың жіктеріне жағу.</li> <li>2. Кеменің корпусымен байланысты емес дәнекерлеу жіктеріне кеме корпуснигінің – біліктілігі жоғарырақ жөндеушінің басшылығымен өткізбеушілікке сынау жүргізу.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Корпустық конструкциялардың жіктерін өткізбеушілікке сынаулар кезінде бор немесе сабын ерітіндісін жағу әдістері.</li> <li>2. Дәнекерлеу жіктерінің сапасына бақылау жүргізу тәртібі.</li> <li>3. Бор немесе сабын ерітіндісін дайындау және сынаулар жүргізу кезінде корпустық конструкциялардың жіктеріне жағу тәсілдері.</li> <li>4. Корпустық конструкциялардың жіктерін өткізбеушілікке сынау кезінде бор немесе сабын ерітіндісін дайындау тәсілдері.</li> </ol>
<b>«Кеме слесарі-монтажшысы» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Коды	7214 «Конструкциялық металл дайындаушылар мен слесарь-монтажшылар»
Кәсібі	Кеме слесарі-монтажшысы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3. Практикалық тәжірибесі және/немесе кәсіби білімі (бір жылға дейінгі кәсіби дайындық бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарының базасындағы курстар немесе кәсіпорындардағы оқыту). Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі немесе практикалық тәжірибесінсіз жалпы орта

	білімі бар болған кезде.
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 3-5-разряд (23-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 78-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылы 7 наурызда болып тіркелген).
Еңбек функциясы	Кемелерде және жүзу құрылғыларында шағын күрделіліктегі қосымша слесарлық және дайындық жұмыстарын орындау
Еңбек функциясы  Кемелерде және жүзу құрылғыларында шағын күрделіліктегі қосымша слесарлық және дайындық жұмыстарын орындау	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Цилиндр біліктер мен икемдеу станоктарында цилиндр және конус бөлшектерді икемдеудің технологиялық регламенттерін орындау.</li> <li>2. Саңылауларда қол, пневматикалық, электр машиналарының көмегімен және станоктарда механикаландырылған бұранда тілуді орындау.</li> <li>3. Қисық сызықты контурдың күрделі емес бөлшектерінің сызулары бойынша белгілеуді орындау.</li> <li>4. Пневматикалық және электр машиналарымен бөлшектерді өңдеу (бұрғымен тесу, жазу, көз салу, үңгілеу) бойынша слесарлық операцияларды орындау.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сыртқы және ішкі оюды қолмен кесудің қауіпсіз және ұтымды тәсілдері мен амалдары; сынған таңбалаушыларды алу тәсілдері.</li> <li>2. Кеме жасауда қолданылатын дәнекерлеу түрлерін жіктеу.</li> <li>3. Көз салуды, үңгілеуді, жазуды белгілеу және орындау тәсілдері.</li> <li>4. Оюды кесуді белгілеу, түрлері және тәсілдері.</li> <li>5. Баспақ қайшыларда және виброқайшыларда бөлшектер мен профильді материалды устарға кесу тәсілдері мен амалдары.</li> <li>6. Ауыстыруға немесе жөндеуге жататын корпус конструкцияларын кесу сызықтарын белгілеу амалдары.</li> <li>7. Саңылауларды пневматикалық және электр машиналарымен тесу, жазу және үңгілеу амалдары.</li> </ol>
<b>«Кеме слесарі-монтажшысы» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Коды	7214 «Конструкциялық металл дайындаушылар мен слесарь-монтажшылар»
Кәсібі	Кеме слесарі-монтажшысы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4. Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіби білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі бар болған кезде. Практикалық жұмыс тәжірибесінсіз жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білімі (қосымша кәсіби дайындығы немесе орта білімнен кейінгі білімі).
БТБА бойынша біліктілік	БТБА бойынша 6-разряд (23-шығарылым, Қазақстан

деңгейі	Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 78-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылы 7 наурызда болып тіркелген).
Еңбек функциясы	Кемелерде және жүзу құрылғыларында орташа күрделіліктегі қосымша слесарлық және дайындық жұмыстарын орындау
1-еңбек функциясы  Кемелерде және жүзу құрылғыларында орташа күрделіліктегі қосымша слесарлық және дайындық жұмыстарын орындау	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Контуры қисық сызықты табақтар бөлшектерінің сызулары бойынша белгілеуді орындау.</li> <li>2. Станоктарда суық күйде және профильдік материалды № 18 дейін қыздырып және қалыңдығы 10 мм дейін күрделі қисық сызықты табақ материалды қолмен икемдеудің технологиялық регламенттерін орындау.</li> <li>3. Кеме корпустарының сыртқы қаптамасын жөндеу кезінде сфералық дәнекерлеу түптерін, монтаждық қосылыстарды дұрыстау.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қыздыру, соққылау және сығу кезінде металдың деформациялануы, қатты және қалдық деформациялар.</li> <li>2. Түзетуді аралас әдісін қолланумен дәнекерлеуден кейін тораптарды, секцияларды түзету амалдары.</li> <li>3. Дәнекерлеу конструкцияларын түзету тәсілдері.</li> <li>4. Қисық сызықты контуры бар бөлшектерді белгілеудің және жазудың тәсілдері.</li> <li>5. Станоктарда суық күйде және профильдік материалды № 18 дейін қыздырып және қалыңдығы 10 мм дейін күрделі қисық сызықты табақ материалды қолмен икемдеудің технологиялық регламенттері.</li> </ol>
<b>«Кеме слесарі-монтажшысы» КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ</b>	
Коды	7214 «Конструкциялық металл дайындаушылар мен слесарь-монтажшылар»
Кәсібі	Кеме слесарі-монтажшысы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5. Жоғары білім, практикалық тәжірибесіз қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары.
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша 6-разряд (23-шығарылым, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 78-ө-м бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2013 жылы 7 наурызда болып тіркелген).
Еңбек функциялары	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кемелерде және жүзу құрылғыларында күрделі қосымша слесарлық және дайындық жұмыстарын орындау</li> <li>2. Кемелерде және жүзу құрылғыларында айрықша күрделі қосымша слесарлық және дайындық жұмыстарын орындау</li> </ol>
1-еңбек функциясы	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кемелік, басты қазандықтар, турбиналар мен бу</li> </ol>

<p>Кемелерде және жүзу құрылғыларында күрделі қосымша слесарлық және дайындық жұмыстарын орындау</p>	<p>машиналары дизельдерінің автоматикасын реттеу, тексеру, әрекетке тапсыру.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>2. Басты механизмдердің агрегаттарын бұрау, қашау, монтаждау.</li> <li>3. Басты механизмдерге амортизаторларды орнату, бекіту.</li> <li>4. Блоктар мен іргетас рамаларын, цилиндрлердің ажырамайтын блоктарын, колондарын, цилиндр диаметрі 300 мм жоғары кеме дизельдерінің цилиндрлерін орнату, жинау, қашау, тексеру.</li> <li>5. Мойындарды бөлшектеу, дефектациялау, жөндеу, калибрлеу, ұялар бойынша шақтау, қырнау, арамен кесу, төсеу, раскептер мен цилиндрлер бойынша тексеру, білік диаметрі 200 мм жоғары иінді біліктердің, иінді білік мойынтірегі ішпегінің, мойынтіректердің май саңылауларын тексеру.</li> <li>6. Диаметрі 120 мм жоғары тарату біліктерін бөлшектеу, дефектациялау, жөндеу, жинау, төсеу реттеу.</li> <li>7. Қанатты қозғалтқыштарды реттеу, тапсыру.</li> <li>8. Шина-пневматикалық муфталарды реттеу, сынау, тапсыру;</li> <li>9. иінді білік мойынтірегі ішпегінің шөгуін төсеу, тексеру және қуаты 225 кВт жоғары (300 аттың күшінен жоғары) бу машиналарының біліксымына қырнау.</li> <li>10. Ауа жастығында басты кемелерді реттеу, механизмдердің әрекетіне тапсыру.</li> <li>11. Басты турбиналардың айналу жылдамдығы мен жиілігін реттеуіштерді тексеру, баптау, механизмдердің әрекетіне тапсыру.</li> <li>12. Редуктордың доңғалағы бойынша тегіршекті қырнау, май саңылауларын орнату, доңғалақтарды төсеу, түйіспе ілінсін тексеру.</li> <li>13. Статикалық тепе-теңдік, басты турбинаның роторын төсеу.</li> <li>14. Орыннан алынған өлшемдер бойынша күрделі шаблондарды және күрделілігі орташа каркастарды дайындаудың технологиялық регламенттерін орындау.</li> <li>15. Дәнекерлеуге, басты механизмдерге жапсарлар мен ойықтарды өңдеуді орындау.</li> <li>16. Желпуіш тәрізді және желкен түріндегі пішінді табактарды икемдеудің технологиялық регламенттерін орындау.</li> <li>17. Суық және ыстық күйде ауыспалы қисық радиусты профильді прокатты икемдеудің технологиялық регламенттерін орындау.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Табақ және профильді металдан бөлшектерді күрделі икемдеу түрлері.</li> <li>2. Тойтарғыш жіктер мен қосылыстарды жіктеу.</li> <li>3. Тойтарғыш жіктер мен қосылыстарды жіктеу.</li> <li>4. Күрделі қабысулары бар табактар мен бөлшектерді</li> </ol>
--	---



	<p>белгілеудің қағидалары және икемдеудің бірізділігі.</p> <p>5. Күрделі геометриялық фигураларды белгілеу және қашау тәсілдері.</p> <p>6. Суық және ыстық күйде ауыспалы қабысу радиусты профильді прокатты икемдеудің технологиялық регламенттерінің талаптары.</p> <p>7. Қызмет көрсетілетін механизмдерді, жабдықты, құбыржол жүйелерін және автоматиканы монтаждау, пайдалану және олар бойынша байлау, кешенді және жүріс сынауларын жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар мен әдістемелер.</p> <p>8. Кемелерде басты кеме дизельдерін, турбиналарды, басты турбиналы-тісті агрегаттарды орнату тәсілдері; кеме қондырғысының барлық механизмдері мен жүйелерінің жұмысында өзара іс-қимыл жасау.</p> <p>9. Кеме дизельдерінің газ таратуын реттеу әдістері.</p> <p>10. Монтаждаудың ең ұтымдырақ процестері.</p> <p>11. Басты механизмдерді, біліксымдарды және арнайы қондырғыларды монтаждау бойынша техникалық талаптар және ОСТ.</p> <p>12. Пластинкалық, конустық амортизаторларда және АДС типіндегі басты механизмдерді монтаждаудың ерекшеліктері.</p>
<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Кемелерде және жүзу құрылғыларында айрықша күрделі қосымша слесарлық және дайындық жұмыстарын орындау</p>	<p><b>Білігі мен дағдылары:</b></p> <p>1. Білік диаметрі 250 мм жоғары бұранданы өзгерту механизмдерін дефектациялау, жөндеу, жинау, монтаждау.</p> <p>2. Май саңылауларын қиюластыру, қырнау, жөндеу, монтаждау, тексеру және білік диаметрі 250 мм жоғары біліксымдардың мойынтіректерін (басты тірек, сүйеуіш) тапсыру.</p> <p>3. Диаметрі 350 мм жоғары бөлшектерді құралдардың көмегімен және суық әдіспен гидравликалық, бұрандалы, механикалық баспақтарда тығыздығын жазу және тығыздау.</p> <p>4. Конденсаторларды тиеу, қырнау, монтаждау, сынау.</p> <p>5. Макет – кондукторларды басты механизмдерге орнату, қырнау.</p> <p>6. Рульді және жетектерді реттеу, дұрыстау және машиналар мен құрылғылардың әрекетіне тапсыру.</p> <p>7. Көтеру-мачталық және жылжымалды құрылғыларды қырнау, монтаждау, сынау, әрекетке тапсыру.</p> <p>8. Электр оқшаулағышты және шабуыл бұрыштарын, суасты қанаттарындағы кемелердің қанат құрылғыларын дұрыстау және реттеу, қалпына келтіру.</p> <p>9. Каркастардың, макеттердің күрделі шаблондарын дайындаудың технологиялық регламенттерін орындау.</p> <p>10. Сыртқы қаптама табақтарын және ерекше күрделі геометриялық фигураларды жазудың технологиялық регламенттерін орындау.</p> <p>11. Электр станциясы старшинасының міндеттерін,</p>

	<p>машина-қазандық бөлімшесі старшинасының міндеттерін орындау және кеме құрылысы кезінде кеме жүйелерінің және біліксымдардың басты күш қондырғыларын жөндеу және монтаждау жөніндегі бригадаға басшылық ету.</p>	
	<p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сыртқы қаптама табақтарын және ерекше күрделі геометриялық фигураларды жазудың әдістері.</li> <li>2. Каркастардың, макеттердің күрделі шаблондарын дайындау тәсілдері</li> <li>3. Берік-тығыз жіктерді шегелеу тәсілдері.</li> <li>4. Берік-тығыз жіктерге қойылатын талаптар.</li> <li>5. Кемеде монтаждау жұмыстарын орындаудың дәлдігіне салмақтық жүктемелердің және қоршаған орта температурасының әсері.</li> <li>6. Будың, судың, конденсаттың және майдың шекті рұқсат етілген және жұмыс параметрлері.</li> <li>7. Барлық режимдерде жұмысты қамтамасыз ететін басты бу турбиналарын, газ-турбиндік құрылғыларды және оларға қызмет көрсететін механизмдерді реттеу қағидалары.</li> <li>8. Ревизиялау кезінде механизмдерді техникалық өлшеу, ашу және жабу қағидалары.</li> <li>9. Кеменің байланыс құралдары бойынша командаларды қабылдау және авариялық дабылдар бойынша іс-әрекеттер қағидалары, басты есу электр қозғалтқыштарының, электр қозғалысы қалқандары және басқару аппаратурасы бар генераторлардың құрылғысы, техникалық сипаттамалары және іс-әрекет қағидаты.</li> <li>10. Жылу техникасымен, механикамен және электр техникасымен байланысты ақауларды анықтау және жою тәсілдері.</li> </ol>	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білуі Бастамашылық; Тұрақты жеке өсуі	
СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс.	Кәсіптер коды 7232	Металл кемелерінің корпустарын жинаушы
<b>Кәсіби стандарттың техникалық деректері</b>		
Әзірлеген	«Смағұлов» ЖК	
Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы	1-нұсқа, 2015 жыл	
Болжамды қайта қарау күні	2018 жыл	

«Ішкі суда жүзу кемелерінің  
қондырғылары және жабдықтары»  
кәсіби стандартына  
2-қосымша

**Кәсіби біліктілік картасы\***

<b>Жұмыскердің кәсібі</b>	<b>Біліктіліктің ұлттық шеңберіне (біліктіліктің салалық шеңберіне) біліктілік деңгейі</b>
-	8-ші
-	7-ші
-	6-шы
Ішкі суда жүзу кемелерінің механигі	5-ші
Кеме моторшысы	
Кеме слесарі-монтажшысы	
Ішкі суда жүзу кемелерінің механигі	4-ші
Кеме моторшысы	
Ішкі суда жүзу кемелерінің электромеханигі	
Шығыр-моторшысы	
Кеме слесарі-монтажшысы	
Ішкі суда жүзу кемелерінің электромеханигі	3-ші
Кеме моторшысы	
Лебедчик-моторист	
Кеме слесарі-монтажшысы	
Кеме слесарі-монтажшысы	2-ші
Кеме слесарі-монтажшысы	1-ші

\* 2015 жылғы біліктіліктің қолданыстағы ұлттық шеңберіне сәйкес кәсіптер.